



Ұлыстың ұлы күніне арналған салтанатты көпшілік мереке Ақтөбеде дүбірлі думанмен жалғасты. «Қазақ халқына мың алғыс» стеласы алаңына қала тұрғындары мен қонақтары ерте жиналды. Ақ шаңқан киіз үйлер тігіліп, алып сахна әзірленді, сонымен бірге



алып, Наурыз мейрамының мән-мағынасы мен мазмұнын байытып, түрлі іс-шараны қамтыды.

Өңір тұрғындары Әз Наурызды он күн бойы көтеріңкі көңіл күймен тойлап, мәдени мұрамызды, ұлттық құндылығымызды қадірлеуіміздің жарқын үлгісін көрсетті.

Биылғы Наурыз тарихи мәні жағынан ерекше. Баршаңызға мәлім, 15 наурыз күні халқымыз Жаңа Конституцияны қабылдап, мемлекетіміздің болашағына бағыт берген маңызды шешім қабылдады, ел дамуының жаңа кезеңін бастап, әділетті әрі тұрақты қоғам құруға негіз қалады. Жаңа Конституция Қазақстан тарихында маңыз-

## ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҚТАРЫНА ЖАҢА ТЕХНИКАЛАР ТАБЫСТАЛДЫ



Арнайы техникалардың кілтін табыстау рәсімі «Наурыз-нама» онкүндігі қорытындыланған тазару күні аясында өтті.

Облыс әкімі Асхат Шахаров бұл күннің табиғатқа жанашырлық пен қоршаған ортаның тазалығына деген қамқорлықты білдіретінін алға тартты. Сондай-ақ орман шаруашылығы қызметкерлері мен салалық мекемелердің еңбегі қоғамда экологиялық мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқаратынын жеткізді.

Өңір басшысы орман шаруашылығының материалдық-техникалық базасын нығайтудың қажеттілігіне де тоқталды. Оның сөзінше, табиғи байлықтарды сақтау және оны келер ұрпаққа жеткізу — өңірдің әрбір тұрғынына ортақ міндет.

2,2 миллиард теңгеден астам қаржы бағытталды және бұл жұмыс алдағы уақытта да жалғасады, — деді облыс әкімі.

Тракторлар, шағын орман партурлық өрт сөндіру кешендері, жүк-жолаушылар автокөліктері, фронталды тиегіштер, шыңқыртабан экскаватор, ауыр техника тасымалдайтын тіркеме — бұл техникалар орман қорын қорғауға арналған және қолжетімсіз аумақтарда жұмыс істеу мен төтенше жағдайларды жою барысында салалық қызметтердің мүмкіндігін едәуір арттырады.

Аталған техникалар облыстық орман және жануарлар дүниесін қорғау мекемесіне, сондай-ақ Әйтеке би, Байғанин, Қобда, Мәртөк, Мұғалжар, Темір, Ойыл, Шалқар аудандарының орман шаруашылықтарына және өңірдің гидротехникалық құрылыстарды пайдалану мекемесіне табысталды.

Ақтөбе орман шаруашылығының орман шебері Юрий Штанько бұл салада 26 жылдан бері еңбек етіп келеді. Оның айтуынша, мұндай ауқымды техника паркі бұрын-соңды болмаған. Жаңа техниканың арқасында мамандар қолжетімсіз аумақтарға жылдам-



— Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы жүзеге асырылуда. Оның аясында орман қорын ұлғайту, аумақтарды абаттандыру және саланың материалдық-техникалық базасын нығайту бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде. 2021-2027 жылдары облыста 64 миллионнан астам ағаш егу жоспарланған. Биылтыр 18,6 миллион көшет егілсе, биыл тағы шамамен 10 миллион ағаш егу көзделіп отыр. Сондай-ақ ағаш егу ғана емес, орман ресурстарын сақтау мәселесіне де баса назар аударылады. Бүгін табысталған техникалар ормандарды қорғаудың тиімділігін арттыруға, өрт ошақтарына жедел әрекет етуге, қолжетімсіз аумақтарда жұмыс істеуге, сондай-ақ гидротехникалық нысандарды күтіп ұстауға және су тасқынының алдын алуға мүмкіндік береді. Соңғы жылдары саланы дамытуға

рақ жетіп, өртті дер кезінде сөндіре алады.

— Менің тәжірибемде мұндай автопарктың толықтырылуы алғаш рет болып отыр. Бізге үш кешен, екі трактор, адамдарды тасымалдауға арналған «Урал» көлігі берілді. Мен Қарғалы ауданында тұрамын, онда биік жерлер көп. Өрт қаупі жиі туындайды. Енді жаңа техникамен өрт ошақтарына желпу әлдеқайда жеңіл болады. Оның ішінде мотопомпа, арқалық өрт сөндіргіштер, соқыштар, балта, күрек сияқты барлық қажетті құрал бар. Бұл — орман шаруашылығына үлкен көмек, — дейді Юрий Штанько.

Орман шаруашылығы өкілдері жаңа техникалар күнделікті жұмысы айтарлықтай жеңілдетіп, өңірдің экологиялық қауіпсіздігін арттыруға және болашақ ұрпақ үшін жасыл қорды сақтауға маңызды үлес қосатынына сенімді.

Өз тілшіміз.

## «НАУРЫЗ — ЖАРҚЫН ЖЫЛ БАСЫ»

жасанды гүлді ағаштар қойылып, қолөнер жәрмеңкелері қатары тізілді, сахна артында спорттық ойындар ұйымдастыруға қолайлы алаңдар жасақталды.

Наурыз мейрамына арналған «Наурыз — жарқын жыл басы» концерттік бағдарламасының прологі ерекше болды: құйын, дауыл даусы естіліп, көрермен екі мезгілдің — қыс пен көктемнің арпалысуын сезгендей болды. Ортада жайылған ақ матаның ортасында қақшып қатып отырған Жер-ана жаңбырдың даусын естіп, төңсепіп, ақырын қозғалып орнынан тұрды. Жаңбыр даусы әсем әуенге ұласып, Жер-ананың айналасы гүлге толды. Жер-ананың жылуымен табиғат қайта көктеп, гүлдер бұр жарып, құстар сайрап, өмірдің тамаша думаны басталды. Көктем гүлдері ару қыздарға айналып, шыр көбелек айналған әсем билге ұласты...

Ұлыстың ұлы күнінде атқан ақ таңмен бірге ақжарма тілектер ақтарылатыны белгілі.

Мерекелік шарада құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі Асхат Шахаров жұртшылыққа жылы лебізін білдірді.



— Қымбатты ақтөбеліктер! Ардақты ағайын! Баршаңызды жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы болған — Ұлыстың ұлы күні — Наурыз мейрамымен шын жүректен құттықтаймын! Тарихи тамыры тереңге бойлаған Әз Наурыз дана халқымызда қай кезде де еңсесі биік елдіктің, іргесі сәулемес бірліктің, ырыс пен ынтымақтың мерекесі болып есептеледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Наурыз — халқымыздың ғасырлар бойғы дәстүрі мен заманауи өмір салты көрініс тапқан жалпыұлттық игілігіміз» — деп атап өткен еді. Шындығында, Шығыс

халықтарының жыл басы саналатын, Самарқанның көк тасы еритін бұл мезгіл еңбек пен іскерліктің, бірлік пен ынтымақтың, бауырмалдық пен достықтың арқауын одан әрі бекіте түспек.

Бүгінгі мейрам — қыстан аман-есен шығып, күн мен түн теңесіп, жан-жануар, өсімдік біткен түлеп, төлдеп, түрленіп, елдің аузы аққа тиетін, жер үстіне шаттық орнайтын күн.

Елімізде Президент бастамасымен дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар тамыр жайған ұлттық мерекені атап өтуге арналған «Наурызнама» тұжырымдамасы қабылданды. «Наурызнама» онкүндігі Көрісу күнінен бастау




ды белес ретінде қалары сөзсіз. Осы ретте ауызбіршілік таңытып, бір үйдің баласындай, елдің жарқын болашағына бейжай қарамаған барша Ақтөбе жұртшылығына шексіз алғысымызды білдіремін, — деген өңір басшысы облыстың наурыздан-наурызға дейін қол жеткізген табысы аз еместігін, жылдан-жылға Ақтөбе өркендеп, халықтың әл-ауқаты жақсарып келе жатқаны бірлескен еңбектің нәтижесі екенін жеткізді:

— Жылқы жылы бұдан да жоғары нәтижелерге қол жеткізіп, өңіріміз үшін берекесі мен несібесі мол жыл болады деп сенемін. Әз Наурыз Отанымызға береке, халқымызға игілік, мемлекетімізге молшылық, ал шаңыраққа бақыт пен шаттық әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын! Төрт түптіміз түгел, ұлыс оң, ақ мол болсын! — деді облыс әкімі.

Мерекенің арнайы қонағы Жанар Айжанова мен Айгүл Иманбаевалар көрерменмен бірге ән шырқап, тұрғындар мен қала қонақтарына көктемгі шаттық сыйлады.

— Баласы батыр болып туатын батыс елін жақсы білеміз. Әлия апаларымызға қарап, сол кісілердің ерлігін естіп, бой түзеп өскен рухты қыздарының біріміз. Ел іргесі аман болсын, отандастарымызға, ақтөбеліктерге Наурыз мейрамы құтты болсын! — деді Айгүл Иманбаева.

(Басы. Соңы 2-бетте).



Өңірімізде 28 наурыз бен 30 мамыр аралығында тазалықтың екі айлығы өтеді.

Бұл туралы өңір басшысы Асхат Шахаров мемлекеттік мекемелердің басшылары, облыстағы орман шаруашылықтарының өкілдері мен экобелсенділердің қатысуымен өткен жиында мәлімдеді.

Облыс әкімі Асхат Шахаров екі айлықтың негізгі мақсаты аумақтарды санитарлық тазарту мен көгалдандыру ғана емес, сондай-ақ тұрғындар арасында қоғамдық орындардағы тазалық пен тәртіпке жауапкершілікті қалыптастыру екенін сөз етті.

— Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы елдің тұрақты

дамуын қамтамасыз етуге, өңірлердегі санитарлық-экологиялық ахуалды жақсартуға және жас ұрпақты табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеуге бағытталған. Біз бұл жұмыстарға кәсіпорындарды, білім беру ұйымдарын, жастар ұйымдары мен еріктілер бірлестіктерін жүйелі түрде тартамыз. Көшелерді, аулаларды, саябақтар мен скверлерді абаттандыруға, сондай-ақ құрылыс нысандарында абаттандыру қағидаларын сақтауға ерекше көңіл бөлінеді. Екі айлық аясында жаппай ағаш егу, қатты-тұрмыстық қалдықтарды қабылдайтын фандоматтар орнату, жаңа демалыс аймақтары мен эко-саябақтар құру жоспарланып отыр, — деді облыс әкімі.

Өңір басшысы экологиялық бастамаларды тиімді іске асыру үшін экобелсенділер мен еріктілерге қолдау көрсетуді тапсырды.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Бекболат Құл-



мағамбетовтің мәліметінше, биыл 10 млн ағаш егу жоспарланған: оның ішінде 4 млн-нан астамы көктемде, қалғаны күзде егіледі. Ауылдық елді мекендерде 150 мың ағаш егу көзделген. Орман шаруашылықтарында 6 млн көшет дайындалған. 18 сәуір күні Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Жалпыұлттық ағаш егу күні және «Мектеп орманшылығы» акциясы өтеді.

Ақтөбе қаласының әкімі Азамат Бекет 4 сәуірде қалада

«Мөлдір бұлақ» және «Таза өлке» акциялары өтетінін хабарлады. Бұл шаралар аясында көшелер, аулалар, қоғамдық аумақтар мен су айдындары тазартылып, көгалдандыру және абаттандыру жұмыстары жүргізіледі. Оған барлық әлеуметтік мекеме — мектептер, балабақшалар, ауруханалар, жоғары және орта арнаулы оқу орындары, сондай-ақ тұрғын үй басқару органдары мен бизнес нысандары қатысады. Олар өз аумақтарының санитарлық жағдайына жауап

береді. Екі айлық кезеңінде қатты-тұрмыстық қалдықтар полигонға тегін шығарылады. Қазіргі таңда Ақтөбеде жолдарды күтіп-ұстауға 13 мердігер ұйым, жаяу жүргіншілер аймақтарына 11 ұйым жауапты. Олар көшелер мен тротуарларды тазалау, жол белгілері мен қоршауларды ретке келтіру жұмыстарын жүргізуде. Сәуір айында жол таңбаларын сызу басталады.

Алтын Орда шағын ауданындағы құрылыс нысандары — бүгінде ерекше бақылауда. Мобильді топтар жүк көліктеріне арналған дөңгелек жуу құрылыстары және құрылыс алаңдары қоршауларының бар-жоғын тексеруде. Абаттандыру қағидаларын бұзғаны және дөңгелек жуу жүйесінің болмауына байланысты жеті құрылыс компаниясы өкімшілік жауапкершілікке тартылды.

Қала әкімі санитарлық жағдайы нашар қала сыртындағы аумақтарды тазалау үшін облыстық басқармалар мен департаменттердің қызметкерлерін жұмылдыруды ұсынды. Атап айтқанда, олардың қатарында Түйетөбе аумағы, сондай-ақ Солтүстік, Ба-

тыс және Оңтүстік айналма жолдар бар. Бұл ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, себебі қаладағы саябақтар мен скверлер тұрақты түрде күтіп ұсталады.

Сондай-ақ Азамат Бекет ақтөбеліктер мен қала кәсіпорындары «Менің Ақтөбем» байқауына қатыса алатынын еске салды. Байқау аясында ең үздік көп қабатты тұрғын үй алаусы, ең үздік абаттандырылған кәсіпорын, ең таза жеке үй, үздік аула сыпырушы немесе көп қабатты үйді басқарушы анықталады. Жеңімпаздарға материалдық сыйақы табысталады.

Облыс әкімі жауапты органдар мен аудан өкімдіктеріне екі айлық іс-шараларының орындалуын жүйелі бақылауды, қоқысты уақтылы шығаруды, абаттандыру және көгалдандыру қағидасын сақтауды қамтамасыз етуді, сондай-ақ халықты, білім беру ұйымдарын, кәсіпорындарды және экобелсенділерді кеңінен тарту арқылы өңірдің экологиялық мәдениетін арттыруды тапсырды.

Д.АЙДАР.